Қ.Топаев атындағы орта мектебі

# АШЫҚ САБАҚ



ТАҚЫРЫБЫ: ҚЫС

3 СЫНЫП

ӨТКІЗГЕН: МАХАТОВА АҚБӨПЕ ҚҰТТЫҚОЖАҚЫЗЫ

# Сабақтың мақсаты:

1.Білімділігі: Абай Құнанбаевтың өмірімен таныстыра отырып, өлеңнің негізгі идеясын ашу. Оқушының оқу дағдысын қалыптастыру, оқушыға қыстың қатаң көріністерін түсіндіру;

2. Дамытушылығы: Оқушылардың байланыныстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру,елестету  есте сақтау ,өз бетінше жұмыс жасау қабілетін , сөздік қорын , мәнерлеп оқыту дағдысын дамыту;

3. Тәрбиелілік: Әр маусым ерекшелігін байқата отырып, табиғат сұлулығын тануға және сұлулыққа тәрбиелеу;

# Ұйымдастыру кезеңі:

- Психологиялық дайындық :
- Табиғатым тамаша ,
- Көз тоймайды қараса.
- Табиғатты қорғаймыз,
- Жаман бала болмаймыз.

- Сыныпты 4 топқа бөлу.
- / Табиғат белгілері арқылы/

# 1.Білім “Үзінді ”ойыны

- 1. Осы бөлімнен оқыған мәтіндер арқылы халқымыздың басынан қандай кезеңдерді өткізген?
- 2.Қаракерей Қабанбай шұбырынды болған жұрттың басын қосты. Қай мәтінде?
- 3. Алғашқы қазақ жасағын құрған кім?
- 4. Ақжолтай Ағыбай батыр мәтінінің авторы кім?
- 5. Исатай мен Махамбет бастаған топ Жәңгір ханның әскерін тас-талқан етіп жеңді.
- 6. Езілген қазақ елінің
- Бағы үшін туған ер
- 7. Қара судан басқа түк татпағанына бүгін үшінші күн.
- 8. Азаттық жолында мәтінінің басты кейіпкері кім?
- 9. Ол кезе С.Сейфуллиннің есімін атауға жұрттың қорқатын кезі еді.
- 10. Аңсап көкті жасынан
- Еркін қаққан қанатын өлеңін әрі қарай жалғастыр.
- 11. Бауыржан туралы деректі әңгімені кім жазған?
- 12. Берлинді әр үй ,әр баспалдақ үшін қатты шайқас,қантөгіс ұрыс жүріп жатыр.
- 13. Қазақ елі өзінің тәуелсіздігін алды. Көк жүзімен астасқан қасиетті көк туымыз асқақ желбіреп тұр.
-

# 2. Түсіну

- Жұмбақтар жасыру арқылы жаңа сабақты ашу
- 1.Қыста барда ,жазда жоқ
- 2. Құлағы мен көзі жоқ,
- Жоқ тіпті қол мен аяғы.
- Бір ғажап өнерпаз,
- Мәнерлеп ою ояды.
- 3. Көлге жапқан қақпақ
- Сіресіп тұр қатты-ақ.
- 4.Қанаты жоқ ұшады,
- Аяғы жоқ жел еді.
- Аузы жоқ ұлиды.

- 1. Қазір қандай мезгіл?
- 2. Бір жылда неше мезгіл бар?
- 3. Қыста қандай өзгерістер болады?
- 4.Қыс айларын ата?
- 5. Қыс мезгілі несімен қызық?

ҚЫС

# Абай Құнанбаев туралы не біледіміз?



1845–1904

# АБАЙ

**Ұлы ақын**

**Ағартушы**

**Тәрбиеші**

**Ойшыл**

**Шешен**

**Аудармашы**

**Сазгер**

**Абай ақын: Ғылым таппай мақтанба, Интернатта оқып жүр, Әсемпаз болма әрнеге, Жасымда ғылым бар деп есекермедім,**

**Табиғат суретшісі: Қан сонарда ,Қыс, Жаз,Күз,Жазғытұрым**

**Абай аудармашы: Шегіртке мен құмырсқа, Қарға мен түлкі**

**Абай сазгер: Көзімнің қарасы,Желсіз түнде жарық ай,Сегіз аяқ,Бойы бұлғаң т.б**

**Абай данышпан: 500-ге тарта өлеңдері,45 қара сөзі бар.**

# Жаңа сабақ: Қыс

- Бұл өлең 1888 жылы жазылған.
- Ақ киімді ,денелі, ақ сақалды,
- Соқыр, мылқау танымас тірі жанды.
- Үсті-басы ақ қырау ,түсі суық,
- Басқан жері сықырлап келіп қалды.

- Бұлттай қасы жауып екі көзін,
- Басын сіліксе ,қар жауып мазаңды алды.
- Борандай бұрқ-сарқ етіп долданғанда,
- Алты қанат ақ орда үй шайқалды.

- Әуес көріп жүгірген жас балалар
- Беті –қолы домбығып үсік шалды.
- Шидем мен тон қабаттап киген малшы,
- Бет қарауға шыдамай, теріс айналды.

# 3.Қолдану

- Оқу жұмыстарын жүргізу
- **Сөздік жұмыс: Шидем – қой жүнінен тоқылған сырт киім.**

- 1 топқа: Ақын қысты кімге теңеген?, Өлеңдегі шалдың мінезі қандай?
- 2 топқа: Шалдың киімдері қандай?, Соқыр мылау деген себебі не?
- 3 топқа : Киім деп отырған не?, Түр түсі қандай, түсі суық дегенді қалай түсінесің?
- 4 топқа : Ақын суреттеп отырған шалды кімге ұқсатуға болады?, Ақын балалар мен малшыны қалай суреттеген?

# Сергіту сәті

- Ән:”Желсіз түнде жарық ай”

# 4. Талдау

- Дәптермен жұмыс
- Адам кейпінде  қыстың  суретін бейнелеп тұрған сөздерді тауып жаз.

# Суретпен жұмыс: Мына суретте Абайдың “Қыс” өлеңіне ұқсастық бар ма?



# 5.Жинақтау / Дана-Үкі стратегиясы/

- Постермен жұмыс
- 1 топқа: Қыс  мезгіліне байланысты мақал-мәтелдер айту
- 2 топқа : Қыс туралы шағын эссе жазу
- 3 топқа : Бес жолды өлең құрастыру
- 4 топқа:  Қыс мезгілін бейнелеп сурет салу.

# 6.Бағалау

- Оқушыларды  өз –өздерін бағалату
- Сабақтан алған әсерлерін стикер арқылы жазу.